



«ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ КОРПОРАЦИЯСЫ» ЖШС

Апта күні: сейсенбі

Күні: 18.11.2025 ж.

Уақыты: 15:00

2025 жылдың «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағын беру конкурсының университетішілік кезеңін өткізу бойынша конкурстық комиссия отырысының

№1 ХАТТАМАСЫ

Қатысқандар: конкурстық комиссия мүшелері – 7

1. Б.А. Сабденалиев, ректор – төраға;
2. Ж.Н. Молдамуратов, ғылым және инновациялар жөніндегі проректоры;
3. Л.С. Скакова, қаржы және әдістемелік сұрақтар жөніндегі проректоры;
4. Е.К. Төленбеков, цифрландыру жөніндегі проректоры;
5. Т.С. Дусипова, әлеуметтік даму және тәрбие жұмысы бойынша проректордың м.а.;
6. Ф.М. Абдиллаева тіркеуші-қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы;
7. А.Н. Жуандықова HR-департаментінің директоры.

Күн тәртібі:

1. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы-2025» конкурсына «Халықаралық білім беру корпорациясы» ЖШС-ның профессор-оқытушылар құрамынан үміткерлерді Республикалық II кезеңіне ұсыну.

ТЫҢДАЛДЫ: Ж. Молдамуратов - ғылым және инновациялар жөніндегі проректоры: 2025 жылдың «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» байқауының университетішілік I кезеңі ағымдағы жылдың 3-18 қараша аралығында өтті. Халықаралық білім беру корпорациясының ғылыми кеңесінде (18.11.2025 ж. №3а хаттама) ұсынылған 10 үміткердің кандидатурасы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің <https://universitycontest2025.iac.kz/> ақпараттық жүйесіне құжаттары жүктелді.

ҚР ҒЖБМ ақпараттық жүйесіне жүктелген үміткерлердің құжаттарын сараптамадан өткізу мақсатында эксперттік топ жұмыс істеді. Эксперттік топ құрамы әрбір үміткер бойынша сандық және сапалық көрсеткіштеріне, сондай-ақ жылдық жоспар кестесіне сәйкес сараптама жүргізіп, қорытындысын университетішілік конкурс комиссиясының қарауына ұсынды.

Бұл ретте ғылыми-педагогикалық өтілі 15 жылдан аспайтын оқытушылардың және өтілі 15 жылдан асатын оқытушылардың арақатынасы ережеге сәйкес сақталды.

Сараптамалық топтың шешіміне сәйкес университетішілік (I кезең) конкурстық іріктеуден өтпегендіктен, PhD Нұрбай Сәуле Құрбанбекқызы, т.ғ.к. Ельжанов Ербол Абдрахманович, PhD Иманбаева Жанерке Асхатовна, PhD Төленді Шолпан Қанатқызы, PhD Узакбаев Турар Қуанышевич конкурстың республикалық кезеңіне жіберілмеді.

Конкурсқа қатысушы үміткерлер жетістіктерінің сандық-сапалық көрсеткіштері, ашық сабақ өткізу және сауалнама қорытындысы жан-жақты талқыланып, университетішілік конкурсының нәтижесінде жоғары көрсеткіштерге ие болған келесі үміткерлер конкурстың республикалық II кезеңіне ұсынылды. Эксперттік топтың қорытындысы Халықаралық білім беру корпорациясының сайтына жүктелді.


ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАНДЫ: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы - 2025» конкурсына Халықаралық білім беру корпорациясынан 30% жастар квотасын сақтай отырып, 5 оқытушының кандидатурасы ұсынылсын:

№	Аты-жөні	Алдын ала ұпайлар	Сараптамалық ұпайлар	Еңбек өтілі
1	Остапенко Инна Ивановна	91	91	14 жыл
2	Ниетбай Саят Ержанулы	88	88	5 жыл
3	Адилова Динарр Абеуовна	79,5	75,5	25 жыл
4	Нусипова Арайлым Умарходжаевна	72	72	18 жыл
5	Ташмуханбетова Индира Беркинбаевна	69	69	14 жыл

ДАУЫС БЕРІЛДІ: «иә» - бірауыздан, «қарсы болғандар» және «қалыс қалғандар» - жоқ. Шешім бір ауыздан қабылданды.

Конкурстық комиссия төрағасы

Хатшы



**Б. Сабденалиев**
А. Жандосова